

АТЫРАУ ҚАЛАСЫ КӨШЕЛЕРІНДЕ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ БАТЫРЛАРЫ ЕСІМДЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Шарафиденова Венера venera_0408@mail.ru «Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 2-курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор – Кайргалиева Г.К.

Биылғы 2024 жылғы тарихи атаулы даталары Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығымен де ерекшеленеді. Ұлы Отан соғысының тарихы тек қана арнайы зерттеулермен ғана емес, топонимикалық атауларды зерттеу арқылы да зерттеу нысанына алуға болатын тақырып болып саналды. Жалпы жер-су аталалырандағы, яғни топонимикалық атаулардағы деректер тарихымыздың куәсі екені сөзсіз. Жер-су атауларын ғылыми тұрғыдан зертте саласы топонимика деп аталып, ол бірнеше салаға да бөлінеді. «Біздің жұртымыз өлке аты, тау атауын негізінен сол жердің сыр-сипатын байқап қоя білген жұрт. Қайда, қандай да бір мекенге барсаң да жер мен су, сонымен қатар жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атауының өзінде қаншалықты мән-мағына мен шешілмеген құпия сырға толы», - деп жазады жазушы Мұхтар Әуезовтің өзі де. Ал биыл туғанына 190 жыл толатын қазақтың көрнекті ғалымы Шоқан Уәлиханов болса «Көне түркі дәстүрлерінің, әдет-ғұрыптарының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірінің бір бөлігін қамтыған тарихи оқиғалармен тығыз байланысты жер-су аттары, адам есімдері, тағы да басқа түрлері есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді», - деген ұлағатты ойы әрқашанда санамызда сақтаулы. Олай болса, осынау ұлан-ғайыр ұлы даламыз сарқылмас шежіреміз - оның беті құпиясы әлі толық ашылмаған тарихи кітап, ескірмес маржан сөз [1]. Атырау өлкесінің тарихын зерттеу саласында тарихшылар мен өлкетанушылар, географтар, тілші-әдебиетшілер өзіндік үлес қосқан. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің ғалымдарының бұл салапны зерттеуде үлесі зор болды. Тарихшы ғалымдар Х.Табылдиев, Ү.Қыдыралын, Ғ.Нығмет, Ж.Бақи, Т.Төлепбергени, Ж.Каленова, Ж.Мұстафин, Ж.Таңатарова, Ж.Жұмабаева, Ә.Мұқтар, Л.Бердіғожин, С.Сапанов, С.Қуаныш, Н.Сармурзина, А.Ахмет, Ұ.Ахметова, Ә.Ермағамбетова, М.Касенов және басқалары өңір тарихының зерттелуіне үлес қосты [2]. Деседе, биылғы Жеңістің 80 жылдығы аясында Атырау қаласындағы көше атауларында соғыс батырларының есімі берілген тұлғаларды қарастыруды мақала мақсатына алдық. Жалпы алғанда, көше атаулары да топонимикалық зерттеудің бір саласы болып табылады. Бұл жерде мынадай мақсат алынады: - Атырау қаласында қандай нысандар Ұлы Отан соғысымен байланысты аталатынын, яғни урбонимдерді анықтау және талдау; - - Көше атауларына ие болған батырларды анықтау; Есімдері көшелерге берілген батырларды насихаттау. 153 Мақаланың зерттеу бағыты ономастика саласына арналады, ал ономастика дегеннің өзі, яғни қазақша мағынасына жүгінсек, грек тілінен алғанда есім (атау) беру өнері дегенді білдіреді. Ал ономастиканың географиялық атауларды беру саласын топонимика зерттейтіні белгілі. Бұл тұрғыдан алсақ, топонимика бірнеше ғылымдардың, атап айтқанда, тарих, тіл, әдебиет, география, архитектура, лингвистика салаларын қамтиды. Біз өзіміз тұрған елдімекен мен көшелердің өзі көптеген ақпаратты беруі мүмкін. Осыған орай біз өзіміз тұрған елді мекендердегі атауларға қалай назар аударамыз және қандай мән береміз деген сұрақтар туындайды. Сол себепті Ұлы Жеңістің 80 жылдығында Атырау қаласында соғыс батырларының есімін және ерлігін сақтау үшін қандай жұмыстар жасалғаны топонимикалық аталаулардың саласы саласы урбанизм арқылы зерттеуге алынды. Атыраулық тарихшы Ш.Нағымовтың «Сарайшық» журналындағы мақаласына сәйкес, Ұлы Отан соғысына Атырау жерінен 54

мыңнан астам адам аттанған, олардың 24 мыңнан астамы майдан даласынан оралмаған, ал 10 жерлесіміз Ұлы Отан соғысының батыры атанса, бесеуі – «Даңқ» орденінің толық иегері атанған [3]. Атырау өңірінің Ұлы Отан соғысында ерлігімен танылған тұлғалар тізімі Кеңес Одағының батырлары 1. Афанасьев Александр Никифорович 2. Баймұханов Мұса 3. Березин Иван Николаевич 4. Канцев Гергий Федорович 5. Мазуров Филипп Савельевич 6. Мусаев Мұқат 7. Махорин Иван Федорович 8. Нысанбаев Боран 9. Смағұлов Қайырғали 10. Қалиев Біләл (ескерту: бұл кісі Маңғыстаулық болып жазылып жүр, бірақ туған жері өзінің деректерінде Жылой ауданы деп берілген, сондықтан бұл батырды Ж.Бақи атыраулықтар тізіміне қосқан) Халық қаһарманы 1. Доспанова Хиуз Қайырқызы «Даңқ» орденінің толық иегерлері 1. Әліпов Ғизат 2. Еркін Шүкір Таңатарұлы 3. Полынин Евгений Михайлович 4. Шамин Гаврил Петрович Флот адмиралы 1. Владимирский Лев Анатольевич Тізім тарихшы Жиенбай Бақидың «Атыраулық баһадүр батырлар» кітабы негізінде жасалды [4]. Біз өз талдауымызды жүргізе келе, осы атыраулық батырлар ішінен Кеңес одағы батырлы атағын алған 5 жерлесімізге, бұлардан басқа 4 «Даңқ» орденінің иегеріне Атырау қаласынан көше берілгенін анықталды. Ұлы Отан соғысы жылдарында ағылшын журналисі Александр Верд 1967 жылы Мәскеуден шыққан автобиографиялық кітабында «Ұлы Отан соғысында ең мықты солдаттар – қазақтар болды, олар соғыстың өн бойына өздерін жақсы жағынан көрсетті. Ал Сталинград шайқасында жақсы солдаттардың арасында қырғыздар, башқұрттар, татарлар яғни ортаазиялықтар көп болды» дегенін Б.Бақи өз кітабында жазады [4, -5]. 154 А.Афанасьев көшесі Атырау қаласының бұрынғы ескі қала, ескі базар аумағында орналасқан. 2гис картасында 2,8 шақырымдық ұзындықты қамтитын көше. Александр Афанасьев 1914 жылы Құрманғазы ауданының Ганюшкин ауылында дүниеге келген. 1940-1942 жылдары облыстық мемлекеттік дайындау мекемесінде еңбек етіп, 1942 жылдың 5 мамырында Теңіз аудандық әсукері комиссариатының шақыртуымен әскерге аттанып, Башқұрт АСР-і Стерлитамак қаласындағы офицерлер дайындайтын мектепке жіберіледі. Дайындықтан өткеннен кейін 68-ші атқыштар дивизиясының құрамындағы 202-гвардияшыл атқыштар полкінің 2-ротасында пулемет взводының командирі болып, майдан даласында шайқастарға қатысты. 68-гвардиялық дивизия құрамында Украинаның Киев облысының Ржищев ауданында Днепр үшін шайқасқа қатысып, ерлік көрсетті. 1943 жылы 25 қыркүйекте Днепр өзенінің оң жағалауы үшін Балька селосына таяу плацдармды алуына үлес қосты. Рота командирі жарақаттанған кезде басқаруды өз қолына алып, оның пулеметшілері әскери бұйрықты орындап шықты. 1943 жылы 6 қарашада Киев қаласы азат етілді, алайда А.Афанасьев өзі осы шайқаста мерт болды. 1943 жылғы 13 қарашада КСРО Жоғарғы кеңесі Президумы Жарлығымен кеңес Одағының батыры атағы беріледі [4.-16-20]. Атырау қаласындағы үлкен көрікті көшелердің бірі – Кеңес Одағының батыры Мұса Баймұханов (1910-1945 жж.) есімімен аталады. Ол 1910 жылы Қызықоға ауылының Қарабау ауылында дүниеге келіп, 15 жасынан бастап Доссор кенішінде еңбек жолын бастайды. 1928 жылы Алматы тау-кен металлургия интернаты жанындағы жұмысшы факультетіне оқуға түсіп, 1931 жылы отбасы жағдайымен Доссорға жұмысқа келеді. Доссорда, Мақатта қоғамдық қызмет, Атырау қаласында прокуратурада тергеуші, Сағыз кәсіпшілігінде мұнай өндіру операторы, болып еңбек етті. 1945 жылы Польша жерінде Варшава қаласын азат ету, Одер үшін шайқастарда ерлік көрсетті. Ол 1945 жылы 3 наурызда отбасына жазған хатында сол жылы қаңтар айында ұрысқа қатысқаны, жарақат алғаны, госпитальда ем алғаны жайында жазады. Жауынгер достарынан өзін батыр атағына ұсынғаны туралы естігенін жазады. Бірақ батыр наградасын алып үлгермеді «ол 1945 жылы 18 наурызында жеңіс күніне аздаған күндер қалғанда ерлікпен қаза тапты» [4.-29]. Бұдан басқа Балықшы кентінде бұрынғы Камышинская өткелінің Балықшы поселкесінің халық депутаттар кеңесінің VIII сессиясының 1992 жылғы 18 наурыздағы №6 қаулысымен «Муса

Баймұханов өткелі» деп атау туралы бекітілген [5]. Атырау қаласының үлкен көшесі Кеңес Одағының батыры Муса Баймұханов есімімен аталады, алайда «Атырау қаласының көшелері» туралы жазылған еңбекте бұл көше туралы ақпарат берілмеген. Оның орнына Балықшы кенті бағытында «Муса Баймұханов өткелі» бұрынғы Камышинская өткеліне берілгені туралы ақпарат қамтылған. Атырау қаласының ұзындығы бұрынғы ұзындығы 2260 метрлік Восточная көшесі қала әкімінің 1990 жылғы 19 қыркүйектегі №823 шешімімен Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағының батыры Георгий Канцев (1907-1978 жж.) құрметіне берілген [5]. Ол 1907 жылы Атырау облысына қарасты Махамбет ауданы қазіргі Махамбет ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. Негізінен бау-бақша өсіру, Жайық өзенінен мотормен су айдаумен айналысқан. 1941 жылғы қыркүйекте майданға аттанып, майданда әйгілі Суворов орденді және Қызыл тулы 354-ші атқыштар дивизиясының 1199-шы атқыштар полкінің взвод командирі болып майдандағы жауынгерлік жолын бастайды. Алғаш рет майданда шайқасқа қатысуы 1942 жылғы 3 наурызда Калинин майданында басталды. Негізгі ерлік көрсеткен шайқасы 1944 жылғы 28 маусымда Бобруйск түбіндегі ұрыста болған. Ұрыста 200-дей жауды жойып, 104 неміс әсерін тұтқында алған. Екінші мәрте ол 1944 жылы қыркүйектегі шайқаста 354-атқыштар дивизиясының тапсырмасымен 1199-полк Пискорня-Мале деревнясы маңында Нарев өзенінен күте ерлік көрсетті. Осы шайқастағы ерлігін 65-шы Армия басшылығы жоғары бағалап, наградаға ұсынады. 65-ші Армияның командалық генерал-полковник Батов 155 «Қымбатты Канцев жолдас! Неміс фашист басқыншыларына қарсы күрес майданында командованияның жауынгерлік тапсырмасын үлгілі орныдағаның үшін және батырлық пен ерлік көрсеткеніңіз үшін сізге КСРО Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Сізді еліміздегі ең жоғары Үкімет наградасымен қызу құттықтаймыз...» [4.-70]. Г.Канцев 1978 жылы өмірден өтті. Атырау қаласының Жилгородок тұрғындар қалашығындағы көшенің бірі «Даңқ» орденінің толық кавалері Гавриил Шамин атында. Гавриил Шамин атына бұрынғы ұзындығы 300 метрлік Стадионная аталған көше Атырау қаласы әкімінің 1996 жылғы 7 ақпандағы № 111 шешімімен берілген [5]. Гавриил Шамин 1923 жылы Индер ауданында қазіргі Ынтымақ ауылында дүниеге келген. 1934 жылы төрт сыныпты бастауыш мектепті бітіргеннен кейін Степан Разин (Амангелді атындағы совхоз) атындағы колхозда еңбек жолын бастады. 1939 жылы Индер ауданындағы Борат кен орнында жұмысшы мамандығына ауысты. Соғыс басталған кезде 1941 жылғы 14 тамызда өз еркімен майданға аттанады. Жеке қабілетіне байланысты оны бөлімше командирлерін дайындайтын полк мектебіне оқуға жібереді. Әскери мектепті үздік аяқтағаннан кейін Г.Шамин 21-ші Дон майданының 293-ші атқыштар дивизиясына Сталинград майданына жіберіледі. Сталинград майданынан кейін 1943 жылы 31 қаңтарда жарақат алып, 1943 жылдың қыркүйек айына дейін Саратов қаласында госпитальда болады. Қайта майданға аттанып, 2-ші Балтық жағалауы майданының 379-шы моторлы дивизиясы құрамында шайқасқа кіріседі. Г.Шамин Екінші дүниежүзілік соғыстағы жауынгерлік жолын 1945 жылғы мамырда Чехословакияның Прага қаласында аяқтады. Г.Шаминнің жауынгерлік жолының ерекшелігі 1941 жылдан 1945 жылға дейін соғысқа бастан аяқ қатысуы және 1945 жылы Москвадан өткен Жеңіс шеруі парадына қатысуы болды. «Даңқ» орденінің тағы бір толық иегері – Ғизат Әліпов. Қала әкімінің 1990 жылғы 18 қыркүйектегі № 823 шешімімен ұзындығы 450 метрлік бұрынғы Корпусная көшесіне «Даңқ» орденінің тағы бір толық иегері Ғизат Әліповтің құрметіне беріледі [5]. Әліпов Ғизат Мұқашұлы 1924 жылы Құрманғазы ауданында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысы қарсаңында «Қызыл Ту» колхозында есепші болып жұмыс жасайды. 1942 жылғы маусымда ауылының 17 жас жігітімен бірге Кеңес Армиясына алынып, Орынбор облысындағы Краснокоми қаласында жаяу әскерлер училищесіне жіберілді. 1943 жылы шілдеде ол атақты Курс шайқасында 2-

ші Украина майданының 13-ші гвардиялық дивизиясының бөлімше командирі болып алғаш рет жауынгерлерді шабуылға бастап шығады. 1944 жылы көктемінде госпитальдан шығып, қайта майданға аттанып, Еуропаны азат ету ұрыстарына қатысады. Буг өзенінен өтуде 1944 жылы желтоқсанда үшінші дәрежелі Даңқ орденімен, Висла өзенінен өтудегі ерлігі үшін екінші дәрежелі Даңқ орденімен, 1945 жылғы көктемде Одер өзеніне өту үшін шайқаста бірінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталады. 1945 жылы 23 сәуірде Ғ.Әліповтің бөлімшесі 312-ші атқыштар дивизиясының құрамында Берлинге шабуылға шығып, жеңісті тойлады [4.-112]. Шүкір Таңатарұлы Еркінов (1924-1949 жж.) атындағы көше қала әкімінің 1992 жылғы 18 ақпандағы №201 шешімімен бұрынғы «Производственная» көшесіне берілген [5]. Шүкір Еркінов 1924 жылы Қызылқоға ауданының Ойыл ауылдық кеңесіне қарасты Дәулетиман елдімекенінде дүниеге келген. Бастауыш мектепті Батыс Қазақстан облысындағы Қаратөбе ауданының Саралжын ауылынан бітірген. 1942 жылы өз еркімен майданға сұранып, 222-ші Смоленск атқыштар дивизиясының 43-ші өздігінен жүретін артиллериялық танкіге жойғыш дивизияның барлаушысы міндетін мойнына алды [4.-126]. 1944 жылы 24 маусымда жеке ерлік көрсетіп, 43-ші ОИПТАД командирі майорв Черноковтың ұсынысымен үшінші дәрежелі «Даңқ» орденіне лайықты деп танылып, ұсыныс беріледі. 1945 жылы 19 қаңтарда Ташашув қаласы түбінде барлаушылар тобымен жүргенде 156 жаудың әрекетін байқап, тағы да айқасқа түсіп, жеңіп шығады. Дивизияның алға жүруіне жол ашады. Осы ерлігі үшін 43-ші ОСАД командирі майор Сытниктің 1945 жылғы 25 қаңтардағы ұсынысы негізінде Ш.Еркінов 1945 жылғы 19 ақпанда екінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. 1945 жылы 28 сәуірдегі Кушков деревнясы үшін болған ұрыста 24 әскерді офицерімен бірге тұтқынға алғаны, 2 пулеметті және 150-дей неміс жау жақтың әскерін жойғаны үшін 1945 жылы 15 мамырдағы КСРО Жоғарғы кеңесі Президиумының Жарлығымен бірінші дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталды [4.-130]. Ш.Еркінов соғыс аяқталғаннан кейін де 2 жылдай әскерде болып, 1947 жылы ғана елге оралады. Ш.Еркінов майдандағы ерлігі үшін «Даңқ» орденінің толық кавалері болуымен қатар, Отан алдындағы ерлігі мен жауынгерлік адал қызметі үшін 8 мәрте Бас Қолбасшының Алғысын алған майдангер болды. Елге оралғаннан кейін алдына оқып, жоғары білім алу мақсатын қойып, Қазақстан Компартиясының Гурьев облыстық комитетінің қолдауымен Қазақ ССР Заң министрлігінің заңгерлер дайындайтын мектебіне оқуға жіберіледі. Осы жолдамамен Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Алайда соғыс кезінде 8 рет жаралануы оның денсаулығына қатты әсер етіп, денсаулығы нашарлап, 1949 жылы өмірден өтеді. Шүкір Еркінов бар жоғы 25 жасында өмірден өткен соғыс батыры әрі соғыс құрбаны еді. Ш.Еркінов туралы «Майданға 1942 жылы шақырылған. Беларусь майданында барлаушы болды, тала йрет ерен ерлік көрсетті» делінген [6. -204] Евгений Польшин көшесі 1990 жылғы 18 қыркүйектегі № 823 шешімімен ұзындығы 9330 метр құрайтын бұрынғы «Транспортная» көшесіне беріледі [5]. Евгений Михайлович Польшин 1914 жылы Жылыой ауданында дүниеге келген «Даңқ» орденінің толық кавалері. 1931 жылы отбасымен бірге Гурьев қаласына қоныс аударады. Ол майданға 1942 жылы шақырылады. Е.Польшиннің соғыстағы алғашқы жауынгерлік тапсырманы орындаудағы көзге түсуі Калуга облысының Медыня қаласы түбіндегі ұрыста байқалды. Осы үшін 1942 жылдың қаңтарында «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталады [4.-136]. Смоленск облысының Шеки деревнясы маңындағы ұрыста байланыспен қамтамасыз еткені үшін «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Белоруссияның Витебск облысындағы Днепр өзеніне жақын орналасқан Орне қаласы түбінде 192-атқыштар дивизиясының құрамында болған Е.М.Польшин қиын жағдайда байланысты қамтамасыз еткені үшін үшінші дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды. Пруссияның Пилькалин қаласын азат етудегі әскери бөлімдердің байланысын қамтамасыз еткені үшін екінші

дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталады. Кенигсберг қамалына шабуыл жасау кезінде жүзеге асырылған операциядағы ерлігі үшін Е.Полынин бірінші дәрежелі «Даңқ» орденіне ұсынылды. Одан кейін ол Қиыр Шығысқа әскери қызметімен ауысып, елге тек 1946 жылы оралады. Елге оралғаннан кейін Атырау мұнай өңдеу зауытына жұмысқа орналасып, ебек жойн жалғастырды. 1984 жылы өмірден өтті [4.-138]. Кеңес Одағының батыры Қайырғали Смағұлов көшесі Атырау қаласы әкімінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі №224 Шешімімен ұзындығы 1500 метрді құрайтын бұрынғы «Набережная» көшесіне берілді [5.-15]. Қ.Смағұлов 1919 жылы 5 қыркүйекте Қайыршақты ауылдық кеңесінде дүниеге келді. Кеңес Одағының батыры атағын алған атыраулық жерлесіміз. Ол 1931-1933 жыолдардағы аштықтың зардабынан Орал қаласында ашылған балалар үйіне барып, одан 1937 жылға дейін тәрбиеленеді. 1937 жылы туған ауылына келіп, балықшы кәсіпшілігіне орналасады. 1939 жылы әскерге шақырылып, Орталық Ресей арқылы Кавказға 157 жіберіліп, Закавказьедегі 31-ші атқыштар дивизиясында артиллерист болады. 1941 жылы майданның алғы шебіне жіберуге өтініш беріп, 1941 жылы қазан айында Ростов бағытына жіберіледі. Соғыстағы ерлігі Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдатты» романына арқау болған атақты жауынгер осы Қайырғали Смағұлов болған-ды. Ол 1963-1973 жылдары қазіргі Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде Азаматтық қорғаныс кафедрасында аға оқытушы лауазымында еңбек етеді. 1991 жылғы 23 қазанда өмірден өтеді. Атырау қаласында 1995 жылы Ааттық көшесінің бойында бюст ескерткіші қойылды. Атырау қаласында Теңдік ауылында орта мектепке есімі берілген. Атырау қаласының Сәтбаев даңғылынан оңтүстік-батысқа қарай авангард мөлтек ауданы бағытындағы кең көше Лев Владимирский атымен аталады. Адмирал Л.Владимирский 1903 жылы Атырау қаласында дүниеге келген. 17 жасында Қызыл армия қатарына алынып, одан кейін Ташкентте Орта Азия мемлекеттік университетінің әскери факультетіне оқуға түседі. Оны бітіргеннен кейін жолдамамен флоттың командалық құрамын дайындайтын әскери училищеге жіберіліп, кейіннен М.В.Фрунзе атындағы жоғары әскери-теңіз училищесінде оқиды. 1943-1944 жылдары Қара теңіз флоты үшін өте қиын кездер болады. Қырым, Севастополь жау қолында қалды. Осы кезде Л.Владимирскийдің Қырымды азат етудегі рөлі жоғары болды. Соғыстан кейін ол дирижабльдер ісімен айналысты. Ол жоғапы әскери академияға оқуға түсіп, оны ақтаған соң Қарушы күштер бас инспекциясында қызметке қалады. Оның жетекшілігімен 5 экспедиция ұйымдастырылады. Экспедициялар барысында ғылыми материалдар жинақтап, 1970 жылы ғылым кандидатын сәтті қорғап шығады. Одан кейін де ғылыми зерттеулерін жалғастырып, 1973 жылдың қазан айына докторлық диссертациясын қорғауы белгіленеді. Алайда кенеттен өмірден өтіп, бұл жұмысы аяқсыз қалады [4.-152]. Қорыта келгенде, Атырау қаласында Ұлы Отан соғысының батырларына арналған көше атаулары бар екенін нақты көреміз. Мақала барысында ҰОС тұсында ерлік көрсеткен 9 тұлғаға арналған көшені анықталды. Бұдан басқа 2 ескерткіш бюст (Қ.Смағұлов және Х.Доспанова) Атырау қаласында орнатылған. Халық қаһарманы Хиуаз Доспанова аты Атырау халықаралық әуежайына және Атырау қаласында мектепке берілген. Қайырғали Смағұлов атына Теңдік ауылында орта мектеп бар. Жалпы, соғыс батырларына көше есімдері берілуі олардың ерлігін насихатату және есте сақтау үшін жасалған шаралар болып табылады. Алайда. Көптеген қала тұрғындары бұл адамдардың кім екенін назар аударма бермейді. Сондықтан көшелерде осы адамдар туралы ақпараттық тақтағал орнатылса насихаттау жұмыстары нәтижелі бола түсер еді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1 Жанұзақов Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы, 2011 2 Кайргалиева Г., Абат А. Жергілікті жер-су атауларының тарихы (Исатай ауданы мысалында). Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Хабаршы» ғылыми журналы. №2 (53) 2019, 44-52 бб. 3 Нағымов Ш. Атыраудың батыр

арулары // Сарайшық - Республикалық әдеби-мәдени, тарихи танымдылық журналы (қаралым уақыты 03.04.2025) 4 Бақи Ж. Атыраулық бахадүр батырлар. -Алматы: «Арыс», 2010. – 160 б 5 Атырау облысындағы көшелер. – Атырау-315 б 6 Атырау: энциклопедия. – Алматы: Атамұра. 2000. -384+72түрлі-түсті жапсырма.